

Мұсатаев С.Ш.¹, Сұңғатұлы К.²

¹с.ғ.д., саясаттану және саяси технологиялар кафедрасының профессоры,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,

Қазақстан, Алматы қ., e-mail: mceka mceka@mail.ru

²PhD докторы, Ганьсу құқық және саясат университеті, Қытай, Ланьжоу қ.

ҚАЗАҚСТАННАН ҚЫТАЙҒА БАҒЫТТАЛҒАН БІЛІМ АЛУШЫЛАР КӨШІ-ҚОНЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Зерттеу тақырыбы туралы кіріспе сөз. Мақала Қазақстаннан Қытайға қарай бағытталған білім алу мақсатындағы көші-қонды талдауға арналған. Автордың пікірінше, білім алу мақсатындағы көші-қонның жағымды жағымен қатар жағымсыз қырлары да бар. Бұл үдеріс әлемнің көптеген елдері үшін де, Қазақстан үшін де саяси, экономикалық, әлеуметтік және демографиялық сияқты бірнеше бағытта әсер етеді.

Ғылыми зерттеудің мақсаты, негізгі бағыттары мен идеялары – Қазақстаннан Қытайға бағытталған студенттер ағыны мысалында білім алу мақсатындағы халықаралық көші-қонның ерекшеліктерін зерделеу. Зерттеудің негізгі бағыттары: ҚХР қарай студенттер ағынының туындауына ықпал еткен тарихи, әлеуметтік-экономикалық, мәдени-психологиялық және өзге де алғышарттарды қарастыру, халықаралық студенттік ұтқырлық жүйесінің қызмет ету ерекшеліктерін айқындау және бұл жүйедегі Қазақстаннан Қытайға бағыт алған білім алушылар ағынының рөлін анықтау; Қазақстандағы студенттердің қытайлық оқу орындарына түсуіне қолдау көрсететін делдалық ұйымдардың қызметін саралау; ҚР студенттерін ҚХР күтіп алып орналастыратын институттарды талдау, Қытайдағы қазақстандық студенттердің әлеуметтік желілер қалыптастыру үдерісін сипаттау.

Жұмыстың ғылыми және тәжірибелік маңыздылығының қысқаша сипаттамасы. Білім алу мақсатындағы көші-қон қазіргі заманғы қоғамдағы өзекті өткір мәселелердің бірі. ҚР-дан ҚХР-ға қарай білім алу мақсатындағы көші-қоны да осы қатарда. Сондықтан да, автор осы үдерістің кейбір негізгі қырларын анықтауға тырысты, бұл мәселені зерттеудің ғылыми және тәжірибелік маңызы күмәнсіз.

Зерттеудің әдіснамалары салыстырмалы және жүйелі, контент және ивент талдауларға негізделген. Білім көші-қоны – бұл көп қырлы құбылыс, сондықтан көші-қонның бұл түрін зерттеу әдіс-амалдары да сан қырлы.

Зерттеудің нәтижелері мен қорытындылары: білім алу мақсатындағы көші-қон қатысушыларының көлемі бойынша еңбек көші-қоны мен мәжбүрлі қоныс аударудан кейінгі орынды иеленеді және әлемдегі кең ауқымды үрдіс саналады. Ол халықаралық және мемлекетішілік деңгейлерде жүре алады. Осылайша, білім алу көші-қонының экономикалық, әлеуметтік, саяси артықшылықтары оны дамытудың Қазақстанның көші-қон саясатының маңызды бөлігі екенін көрсетеді.

Жүргізілген зерттеудің құндылығы – көші-қон үдерістерін зерттеуді дамытуға үлес қосады. Әсіресе білім алу мақсатындағы көші-қон мен оның ерекшеліктерін саясаттанулық тұрғыдан талдау зерттеушілік қызығушылық тудырады.

Жұмыс қорытындыларының тәжірибелік мәні – білім көші-қоны мен халықаралық студенттік ұтқырлыққа бағыт-бағдар беретін құндылықтар мен мүдделер қандай деген зерттеушілік сұрақтарға жауап табуға көмектеседі.

Түйін сөздер: халықаралық білім алу мақсатындағы көші-қон, жоғары білім, академиялық ұтқырлық, қазақ-қытай қатынастары.

Mussataev S.¹, Songati K.²

¹d.p.s., prof., Al-Farabi Kazakh National University, Department of Political Science and Political Technologies, Kazakhstan, Almaty, e-mail: mceka@mail.ru

²doctor of PhD, Gansu university of the law and policy, China, Lanzhou

Features of educational migration from Kazakhstan to China

Opening speech about a research subject. Article is devoted to the analysis of the educational migration directed from Kazakhstan to China. According to the author, educational immigration has both positive, and negative aspects. This process has several key effects for many countries and for development of Kazakhstan: political, economic, social and demographic.

The purpose, the main directions and the ideas of scientific research – to study features of the international educational migration on the example of a student's stream from Kazakhstan to China. Main directions of a research: to study historical, social and economic, cultural and psychological and other prerequisites of emergence of a student's stream in the People's Republic of China, to reveal features of functioning of a system of the international student's mobility and to define the place of a stream from Kazakhstan to China in this system; to study existing in Kazakhstan intermediary the organizations, supporting receipt in the Chinese higher education institutions; to study the institutes promoting maintenance of a student's stream and RK in the accepting cities of the People's Republic of China, to describe process of formation of social networks of the Kazakhstan students in China.

Short description of the scientific and practical importance of work. Educational migration is one of the most acute and problematic issues in modern society. Educational migration from RK in the People's Republic of China in this case – not an exception. Therefore the author made an attempt to clear some main lines of this process. The scientific and practical value of this research does not raise doubts.

The methodology of a research is based on system, comparative, content – and an event analysis. Educational migrations are a multidimensional phenomenon therefore also approaches to studying of migration of this type are many-sided.

Main results and analysis, research conclusions: Educational migrations on number concede only to the labor and forced migrations and are considered as some of the most large-scale in the world. They occur both on international, and on interstate levels. Thus, obvious economic, social, political advantages of educational migration have to become the basis to make development of educational migration by an important part of migration policy of Kazakhstan.

The value of the conducted research (the made contribution of this work to the corresponding field of knowledge) makes a contribution to development of a research of migration processes. Especially the research of obrazovtayelny migration and its features in terms of political science is of a particular research interest.

The practical value of results of work allows to find the answer to a research question of the determinants setting the direction of educational migration and the international student's mobility.

Key words: the international educational migration, the higher education, academic mobility, the Kazakhstan-Chinese relations.

Мусатаев С.Ш.¹, Сунгатулы К.²

¹д.п.н., проф. кафедры политологии и политических технологий,
Казахский национальный университет им. аль-Фараби,
Казахстан, г. Алматы, e-mail: mceka@mail.ru

²Доктор PhD, Ганьсуский университет права и политики, Китай, г. Ланьчжоу

Особенности образовательной миграции из Казахстана в Китай

Статья посвящена анализу образовательной миграции, направленной из Казахстана в Китай. По мнению автора, учебная иммиграция имеет как положительные, так и отрицательные аспекты. Данный процесс имеет несколько ключевых эффектов для многих стран и для развития Казахстана: политический, экономический, социальный и демографический.

Цель, основные направления и идеи научного исследования – изучить особенности международной образовательной миграции на примере студенческого потока из Казахстана в Китай. Основные направления исследования: изучить исторические, социально-экономические, культурно-психологические и другие предпосылки возникновения студенческого потока в КНР, выявить особенности функционирования системы международной студенческой мобильности и определить место потока из Казахстана в Китай в этой системе; изучить существующие в Казахстане посреднические организации, поддерживающие поступление в китайские вузы; изучить институты, способствующие поддержанию студенческого потока и РК в принимающих городах КНР, описать процесс формирования социальных сетей казахстанских студентов в Китае.

Краткое описание научной и практической значимости работы. Образовательная миграция является одной из наиболее острых и проблематичных проблем в современном обществе. Образовательная миграция из РК в КНР в данном случае – не исключение. Поэтому автор предпринял попытку прояснить некоторые основные черты этого процесса. Научно-практическое значение данного исследования не вызывает сомнения.

Методология исследования основана на системном, сравнительном, контент- и ивент-анализе. Образовательные миграции – это многоаспектное явление, поэтому и подходы к изучению данного вида миграции многогранны.

Основные результаты и анализ, выводы исследовательской работы: образовательная миграция по численности уступают только трудовым и вынужденным миграциям и считаются одними из самых масштабных в мире. Они происходят как на международном, так и на внутригосударственном уровнях. Таким образом, очевидные экономические, социальные, политические преимущества образовательной миграции должны стать основанием для того, чтобы сделать развитие образовательной миграции важной частью миграционной политики Казахстана.

Ценность проведенного исследования (внесенный вклад данной работы в соответствующую область знаний) вносит вклад в развитие исследования миграционных процессов. Особенно исследование образовательной миграции и ее особенностей с точки зрения политологии представляет особый интерес.

Практическое значение итогов работы позволяет найти ответ на исследовательский вопрос о детерминантах, задающих направление образовательной миграции и международной студенческой мобильности.

Ключевые слова: международная образовательная миграция, высшее образование, академическая мобильность, казахстанско-китайские отношения.

Кіріспе

XXI ғасырда Қытай шетелдік студенттер үшін тартымды елге айналып отыр. Өйткені жаңа ғасырда Қытайды бүкіл әлемдегі беделі мен ықпалының артуымен ерекшеленіп отыр. Соның ішінде Қытай Орталық Азия елдеріне, өзімен көршілес жатқан Қазақстанға миллиардтаған доллар тікелей инвестициялар құйып, аймақтағы негізгі экономикалық күшке айналып отыр. Соңғы жылдары Қазақстан мен Қытай арасындағы білім алу мақсатындағы көші-қоны мен академиялық ұтқырлық қарқынды дамып келеді.

Білім алу мақсатындағы көші-қон – бәсекеге қабілетті мамандыққа ие болу үшін шетелдік жоғары немесе орта кәсіптік оқу орындарында білім алу мақсатында болатын көші қонның түрі. Сондай-ақ, мұндай көші-қон түріне шетелдерде тіл үйрену курстары да кіреді, өйткені шетелдік жоғары оқу орындары мен колледждерде білім алудың бастамасы әдетте тіл үйрететін дайындық деңгейінен (Foundation) бастау алады.

Foundation деп аталатын мамандандырылған бағдарлама Ұлыбритания, АҚШ, Канада сияқты елдердің университеттеріне шетелдік студенттердің түсіп оқуына дайындық мақсатында құрылған.

Академиялық ұтқырлық – белгілі бір академиялық кезеңде (әдетте, бір семестр немесе бір оқу жылы ауқымында) ел ішіндегі немесе

шетелдердегі басқа жоғары оқу орындарында студенттердің білім алуы мен оқытушылардың тағылымдамадан өтіп, зерттеулер жүргізуі.

Негізгі бөлім

Қазақстан мен Қытай арасындағы білім алу мақсатындағы көші қонның қарқынды дамуының бірнеше себептері бар. Біріншіден, білім беру саласындағы ынтымақтастық екі елдің экономикалық қажеттіліктерін өтеуге негізделген. Қазіргі уақытта Қытай мемлекеті Қазақстанда бірнеше ірі инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыруда («Бір белдеу, бір жол», мұнай-газ саласы, агроөнеркәсіп кешені т.б.). Осындай инвестициялық жобаларды іске асыруда қазақстандық еңбек нарығында тапшы мамандарға сұранысты арттырып отыр. Шет тілдерін, әсіресе қытай тілін білетін, инженерлік-техникалық саладағы, аудармашылық қызметтегі түрлі жаңа бейінді мамандық иелерін жұмысқа тартуға мүмкіндіктер туып отыр. Екіншіден, ол қазіргі заманғы Қазақстан Республикасының білім және ғылым жүйесінің жай-күйіне байланысты. Оның негізгі кемшіліктері: көптеген жылдар бойы жеткілікті қаржыландырылмауы; техникалық мамандардың азайып, керісінше гуманитарлық мамандық иелерінің басым болуы; білім беру сапасының төмен немесе өмір талабына сай болмауы; алынған білімнің және дайындалатын мамандықтардың еңбек

нарығының қажеттіліктеріне сәйкес келмеуі; қалаларда тұрып, білім алудың қымбат болуы; сыбайлас жемқорлық т.б. Үшінші жағынан, Қытайдағы білім алудың салыстырмалы түрде арзандығы университеттік беретін Қытай жоғары оқу орындарының әлемде өсіп келе жатқан беделі; қытай тілін үйрену мүмкіндігі; келешекте сұранысқа ие мамандық иесі болып, қытайлық немесе қазақ-қытай біріккен кәсіпорындарда жоғары жалақылы жұмыс сияқты артықшылықтар қазақстандық жастарды қызықтырып тартады.

Әрине, Қытайдың соңғы онжылдықтарда геосаяси және геоэкономикалық асқақтап дамуы, әлемде АҚШ-тан кейінгі екінші орын алатын дамыған экономикалы елге айналуы да осы географиялық жағынан көршілес жатқан елде оқып білім алуды тартымды етуде белгілі бір рөл атқаратыны сөзсіз. ҚХР өзінің әлемдегі ықпалын арттыру үшін түрлі халықаралық іс-шаралар мен көрмелерді белсенді түрде пайдалануда. Олардың арасында Пекинде өткен 2008 жылғы Жазғы Олимпиада ойындары, сондай-ақ, 2010 жылы 1 мамыр мен 31 қазан аралығында Шанхайда өткен Бүкіләлемдік «Экспо-2010» көрмесі сияқты әлемдік ауқымдағы іс-шаралар бар. Бұларды миллиондаған шетелдік туристер келіп көріп, Қытайдың заманауи және технологиялық мықты мемлекет екенін мойындады. Қытайдың халықаралық дәрежедегі имиджін жақсартты (Сыроежкин 2014: 31).

Бұған қоса, Қытайда «Орталық Азия мемлекеттерінің ҚХР-дағы күндері» сияқты сауда-экономикалық және гуманитарлық ынтымақтастықты дамытуға ықпал ететін әр түрлі ұлттық-мәдени, іскерлік және ғылыми іс-шаралары тұрақты түрде өткізіліп тұрады. Өз кезегінде Орталық Азия елдерінде жыл сайын Қытай ұлттық тауарларының көрме-жәрмеңкелері өткізіледі. Бейжіңде – Шыңжаң, Қашқар аймақтарының көрмесі, ал Үрімші жәрмеңкесі мен экономикалық форумына Орталық Азия республикалары қатысып келеді. Сонымен қатар, Қытай соңғы жылдары студенттер үшін жаһандық бәсекелестікке белсенді кірісті және өздерінің университеттерін әлемдік білім беру нарығында алға жылжытуға тырысуда. Соның ішінде Қазақстанда қытайлық жоғары оқу орындарының танымалдығы мен тартымдылығын арттыруға, қазақстандық жастарды Қытайда білім алуға көбірек тартуға ұмтылып отыр.

Қытайдағы шетелдіктердің білім алу мақсатындағы көші-қонының жыл сайын арта

түсуіне қытайлық биліктің «жұмсақ күш» («soft power», қытайша «жуань шили») саясаты да өзіндік ықпалын тигізіп отыр. «Жұмсақ күш» ұғымын ғылыми айналысқа американдық профессор Джозеф Наем енгізді (Nye 2004:390), бұл ұғым басқа елдер мен олардың тұрғындарына әскери немесе күштік әдістерді қолданбай (мәжбүрлеу емес, сендіру арқылы), мәдениет пен идеологияның материалдық емес ресурстарын пайдалана отырып ықпал етуді білдіреді. Бүкіл әлемдегі сияқты, ҚХР-дың «жұмсақ күш» саясаты Қазақстанда да қытай мәдениеті мен қытай тілінің таралуына септігін тигізуде. Қазақстандық сарапшылар қытайлық «жұмсақ күш» тұжырымдамасының негізгі үш бағытын бөліп көрсетеді (Михневич 2014: 98). Біріншісі – Қытайдың халықаралық жағдайдың шиеленісуінің алдын алуға бағытталған қауіпсіздік саясатын жүргізуі болып табылады. Оған сәйкес қандай да бір жанжал тікелей Қытайдың ұлттық мүдделеріне, Тайвань немесе Оңтүстік-Қытай теңізінің аралдары сияқты аумақтық мүдделеріне қатысты болмаса, әлдебір әскери қақтығыстарға тартылып кетпеді ойлайды. Екінші бағыты – экономикалық және әлеуметтік, денсаулық сақтау, білім беру, гуманитарлық салаларындағы көмек көрсету болып табылады. Бұл тұрғыда Қытайдың Батыстан айырмашылығы – көмек беруді ешбір саяси және идеологиялық мәселелермен байланыстырмай, таза гуманитарлық ынтымақтастықпен айналысуға тырысады (Massey Douglas, Joaquin, Graeme, Ali, Pellegrino, Edward 1998: 17). Үшінші бағыт – ҚХР-дың экономика, ғылым мен техника салаларындағы қазіргі қол жеткізген жетістіктерін бүкіл әлемге паш етіп, насихаттап көрсетуге бағытталған мәдени сипаттағы іс-шаралар болып табылады. (Шустов 2017; 1).

Қытайдың «жұмсақ күш» саясатындағы басым бағыттың бірі – әлемнің түрлі елдерінде қытай тілі мен мәдениетін үйрету мен насихаттауды, қытайтануды алға ілгерілетуді көздейтін коммерциялық емес гуманитарлық мекеме саналатын Конфуций институттарының құрылуымен айшықталды. Қытайдан тыс жердегі бірінші Конфуций институты 2004 жылы Сеулде пайда болды. Он жыл ішінде Қытай әлемнің 126 елінде 475 Конфуций институттарын құрды (Чжоу Лян 2014: 1).

Қытай тілін оқып-үйрену Конфуций институттарындағы көптеген тілдік курстарда жүреді. Оның ауқымында студенттердің академиялық ұтқырлығы, тағылымдамадан өтуші оқытушылар мен докторанттардың білім алу мақсатындағы

көші-қоны, ғылыми алмасулар мен біріккен зерттеу жобалары дамуда. Яғни, Қытай білім және ғылым саласына орасан зор қаржы инвестициялап (оның ішінде шетелдіктерге арналған қайтарымсыз оқу гранттары берілуде), шетелдермен мемлекетаралық екіжақты мәдени алмасу және көрме қызметі белсенді жүріп жатыр. «Болашақ Халықаралық білім беру интеллектуалдық орталығының» зерттеушілік мәліметтері бойынша, соңғы онжылдықта Қытай университеттеріне деген сұраныс 4 есе өсті. Мысалы, 2007 жылы Қытайға барлығы 3000 қазақстандық аттанса, 2016 жылы Аспанасты елінде білім алушы қазақстандық жастардың саны 11 764 жеткен. Соңғы мәліметтерге жүгінсек, 2018 жылдың бірінші жартысында Қытайда 14 мың қазақстандық студенттер білім атуда (Болашақ 2018: 1). Жібек жолы елдерінің университеттері қауымдастығының төрағасы Нұржан Байтеміровтың болжамы бойынша бұл көрсеткіш 2020 жылы 20 мың студентке жетпек.

Көріп отырғанымыздай, «жұмсақ күш» арқылы ықпал етудің ең маңызды бағыттарының бірі – білім беру жүйесі болып табылады: Қытай өзінің студенттерін белсенді түрде шетелдерге жібереді және шетелдік студенттерді өздерінің университеттеріне тартады. ҚХР-дағы шетелдік студенттердің саны соңғы 15 жылда күрт өсті. ҚХР Білім министрлігінің мәліметі бойынша Қытайдағы шетелдік студенттердің саны 2010 жылы күрт өсті: ҚХР-да оқу үшін әлемнің 194 елдерінен 265 мың шетелдік студент келген. Әсіресе олардың арасында: Оңтүстік Корея, АҚШ, Жапония, Таиланд, Вьетнам, Ресей, Үндістан, Қазақстан және т.б. елдердің жастары көп (Будаев 2016: 109) 2010 жылы 7 874 қазақстандық студент ҚХР-да оқыған (және 1500 қытайлық студент Қазақстанда оқыды), 2011 ж. – 8 287, 2017 жылы 14000 және бұл сандар үнемі өсуде (Perlez, Feng 2013: 1).

Қытайлық «Хуаньцюан» ақпараттық сайты ҚХР Білім министрлігіне сілтеме жасай отырып, 2017 жылы Қытайдың 935 жоғары білім беретін оқу орындарына білім алуға келген шетелдік студенттердің саны 489,2 мың адамға жеткенін, осылайша, шетелдік студенттер саны жыл сайын 10% өсуі нәтижесінде Қытай Азиядағы ең ірі білім беру хабына айналғанын мәлімдеді. Өз кезегінде, шетелдерде оқитын қытайлық жастардың саны 600 мыңнан асып, Қытай қазіргі әлемдегі өз студенттерін шетелдерге ең көп шығаратын елге айналған. Географиялық жағына келсек, 2017 жылы қытайлық студенттер негізінен АҚШ, Еуропалық одақ және Оңтүстік

Шығыс Азияның дамыған елдерінде білім алуға таңдаған. Соның ішінде, 2017 жылы 66,1 мың қытайлық студент «Бір белдеу, бір жол» жобасы бойында орналасқан елдерге оқуға аттанған (және олардың 3679 студенті мемлекет есебінен грантқа ие болған), бұл 2016 жылмен салыстырғанда 15,7% көп. Ал 31,2 мың қытайлық 2017 жылы әлемнің 94 еліне білім алу мақсатында көшіп-қонған. Жалпы, шетелдерде оқитын 600 мың қытайлықтың 541,3 мыңы өздерінің қаржы-қаражатымен білім алады екен, бұл шетелдерде білім алушы барлық қытайлықтардың 88,97% құрап отыр. Сонымен қатар, шетелдерде білім алып болған соң қытайлықтардың өз елдеріне оралуы да жоғары көрсеткіштерге ие. 2017 жылы шетелдерде оқуын бітірген 480,9 мың қытайлық жас маман өз отанына оралған, бұл 2016 жылмен салыстырғанда 11,9% артық (Китай 2016: 1). Қытайдың экономикалық даму қарқыны жоғары болуына байланысты құрылыс, шикізат өңдеу, тауар өндіру, ауыл шаруашылық кешені, көлік, байланыс, халықаралық сауда, инновациялық технологиялар т.б. салаларда жұмыс орындары көп ашылуда, әсіресе шет тілдерін білетін жас мамандарға деген сұраныс өте жоғары. Айлық жалақылары жоғары, әлеуметтік қолдау күшті, баспана мәселесін де шешу жеңіл. Сондықтан, шетелдерде білім алған қытайлық жастар ешбір ойланбастан өз отанына оралып, ертеңгі күнге деген нық сеніммен өмірден өз орындарын табуға ұмтылады (Кошанова, Ракишева, Мажитова, Ашкенова 2016: 64).

Сыртқы саясаттағы ашықтық реформасы мен «жұмсақ күш» ұстанымы арқылы Қытайдың шет елдермен саяси-дипломатиялық, сауда-экономикалық, мәдени-гуманитарлық қарым-қатынастары жыл өткен сайын тереңдеп, жан-жақты бола түсуде. Осыған орай білім алу мақсатында жүріп жатқан көші-қонның маңызы арта түсуде.

Шамамен қазақстандық студенттердің үштен бір бөлігі Бейжіңде оқиды – 4 мыңға жуық, Үрімшіде – 1250, Шанхайда – 800, Сиан қаласында – 700, Гуанчжоуда – 500, Ухан қаласында – 400 және басқа да қалаларында. Қытайдағы шетелдік студенттер, оның ішінде қазақстандық жастар да негізінен Пекин, Шанхай, Сианя, Гуанчжоу, Үрімші сияқты елдің шығыс жағында орналасқан ірі қалаларда орналасқан жоғары оқу орындарын таңдау үрдісі қалыптасқан. Сондай-ақ Қытайдың батыс аймағы саналатын Шыңжаң-ұйғыр автономиялық ауданында орналасқан Үрімші және Құлжа қалаларының оқу орындары Қазақстанға географиялық

жағынан жақын болғандықтан қазақ жастары үшін тартымды болып отыр. Мысалы, ҚР ҚХР елшілігінің деректері бойынша, Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданында 2011 жылы жоғары мектепте 1360 студент білім алса, қазір бұл сан 1,5 мыңнан асқан (оның ішінде тек Үрімші қаласында 1250, Құлжа қаласында 150) (Ермекбаев 2018: 1). Мәселен, Синьцзян медициналық университетінде дәстүрлі қытай медицинасын 70-тен астам Қазақстан, Қырғызстан және басқа да Орталық Азия елдерінің студенттері оқып-үйреніп жатыр. Мұндай қызығушылық артуына соңғы кездері халық арасында қытай массажы, шипалы шөптер, инемен емдеу сияқты шығыс медицинасына деген сұраныс әсер етіп отыр.

Қытайдағы білім берудің бірінші жылы әдетте қытай тілін оқытуға арналады. Тілдік курстарда білім алу студенттерге қытай тілін жетік меңгергенін және білім деңгейін дәлелдеп сертификаттауға арналған HSK мемлекеттік емтиханын тапсыруға (Hanyu Shuiping Kaoshi, дәстүрлі қытайша 漢語水平考試, қарапайым қытайша 汉语水平考试, пиньинь: *Hànyǔ Shuǐpíng Kǎoshì*), Ханьюй Шуйпин Каоши) мүмкіндік береді. HSK сертификаты – шетелдік оқушыларды бірыңғай аттестаттауға арналған біліктілік емтиханы болып табылады. Мұндай HSK сертификатын алуға арналған емтиханды шетелдік студенттер, сонымен қатар, қытайда тұратын, бірақ ана тілі ханзу тілі емес түрлі ұлттық азшылықтар, шетелден келген қытайлық эмигранттар (хуацяо) да тапсырып, сертификат алғаннан кейін жоғары білім беру орындарында оқу мүмкіндігіне ие болады (Сафронова 2018: 108).

HSK емтиханының нәтижелері бүкіл әлемде мойындалады. HSK емтиханы алғаш рет 1990 жылы ҚХР-дың аумағында өткізілді. Бір жылдан соң ол бірнеше шет елдерде өтті. TOEFL-дың қытайлық аналогы саналатын бұл емтиханның әлемдегі беделі жыл сайын өсе түсуде. 2005 жылы ҚХР Шетелдерде қытай тілін тарату жөніндегі мемлекеттік департаментінің (Ханьбань) бас хатшысы Сю Лин Қытай тілін үйрену халықаралық қоғамның жетінші съезінің екінші пленарлық жиналысында HSK емтиханын тапсыруды оңайлату мен насихаттау мақсатында бұл емтиханды реформалау міндетін алға қойды. 2009 жылы жаңа емтиханды әзірлеу аяқталды, ал 2010 жылдың наурыз айынан бастап бүкіл әлем бойынша жаңа HSK емтиханы өткізіле бастады. 2009 жылдың соңында әлемнің 41 елінде HSK біліктілік емтиханын өткізу жөніндегі 106 емтихан орталықтары жұмыс істеді. 2010 жылдың

басында HSK біліктілік емтиханын тапсырған шетелдіктердің жалпы саны 1 миллион адамнан асты (Bernard 2013: 302). 2010 жылдан бастап Конфуций институттарының әлемдік жүйесі HSK емтиханын жүргізу құқығын алды.

Конфуций институттарының әлемдік желісіне 1987 жылы құрылған Ханьбань ведомствосы – қытай тілін шетелдерде ілгері жылжыту жөніндегі мемлекеттік кеңсе жетекшілік етеді. Конфуций институттары батыс елдерінің үлгісінде (немістің Гете институты немесе Испанияның Сервантес институты) құрылған. «Синьхуа» Ақпараттық агенттігінің мәліметі бойынша, 2017 жылы қыркүйек айында әлемнің 142 елі мен аймағында 516 Конфуций институттары мен 1076 Конфуций сыныптарының жұмысы жолға қойылған екен. Ал оларда қытайша үйреніп, білім алып жүрген тыңдаушылардың жалпы саны 7 млн адамға жеткен. Қытай билігі Конфуций институттарының санын 2020 жылға қарай 1000-ға дейін жеткізуді жоспарлауда. Бұл ретте Қытай өзінің көршілес елдеріне, яғни, «жақын шетелдерге» ерекше назар аударуда. «Бір белдеу, бір жол» жобасының бойында орналасқан 51 елде 135 Конфуций институттары мен 129 Конфуций сыныптары ашылған (Lim 2013: 258). Орталық Азия елдеріне қытай тілі мен мәдениетін таратудың басты базасы – Шыңжаң орталығы Үрімші қаласы болып отыр, бұл қалада 2010 жылдан бері көршілес аймақтарға қытай тілін таратуға арналған арнайы база жұмыс істейді (Ларин 2013: 195).

Қазіргі кезде қытай тілін Қазақстанның ішіндегі түрлі арнайы тілдік курстарда немесе Конфуций институттарында үйренуге болады. Қазақстанда алғашқы Конфуций институты 2007 жылдың желтоқсан айында Астанадағы Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде ашылды. Ал Алматыда 2009 ж. ақпан айында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде ашылды. Оған дейін әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ҚХР Ланьчжоу университетімен көпжылдық ынтымақтастық жасап, 2002 жылы қытай тілі орталығын құрған еді. Осы қытай тілі орталығының базасында ҚазҰУ Конфуций Институты ашылды (Чжоу Ли 2011: 1).

Жыл сайын Конфуций институты оқытушыларды ғылыми тәжірибеден өтуге және қытай тілін білуін жетілдіруге Қытайға жібереді. 2014 жылы Конфуций институты 500-ден астам студент пен университет қызметкерлерін ҚХР-ға жіберді. 2011 жылы Қазақстанда Ақтөбе және Қарағанды жоғары оқу орындарының базасында тағы да екі Конфуций институты ашылды.

Бұл қалалардағы оқу орындарының қытайлық серіктесі ретінде Үрімші қаласындағы Шыңжаң экономика және қаржы университеті болды. Конфуций институттарының қызметі ҚР мен ҚХР білім беру және мәдени салаларындағы тығыз ынтымақтастықты дамытуға ықпал етіп отыр.

Сонымен қатар, Қытай өзінің Орталық Азиядағы мәдени ықпалын кеңейту мақсатында ақпараттық әсер ету әлеуетін күшейту шараларын қолға алуда. Қытайдың Орталық телевизиясы Шыңжаң аймағымен көршілес аймақтарға орыс тілінде хабар таратуды ойластырды. «Синьхуа» ақпарат агенттігінің шетелдік тармағы және «Жэньминь жибао» газетінің орыс тілді нұсқасының қызметі жандандырылды. Мысалы, Қазақстанда «Жэньминь жибао», «Гуанмин жибао» газеттерінің, «Синьхуа агенттігінің, Қытай халықаралық радиосы мен CCTV Қытай орталық телевизиясының филиалдары бар.

Қытайдағы оқыту және зерттеу бағдарламалары ресми арналар арқылы да (жоо-лар, академиялық және салалық институттар және орталықтар), сондай-ақ бейресми арналар арқылы да жүзеге асырылады. Соған байланысты, Қытайда студенттердің әр түрлі контингенті білім алуға: «Болашақ» бағдарламасы бойынша келген; мемлекеттік келісімдер шеңберінде оқып жатқан; тілдік курстардағы, колледждерде немесе университеттегі өзінің оқуын өзі төлеп, өз бетінше келгендер; сондай-ақ, жеке меншік кәсіпорындар мен ұлттық компаниялардың («Синойл», «Ақтөбемұнайгаз», «ҚазМұнайГаз», «Қазақмыс» т.б.) тағылымдамадан өту және білімін жетілдіруге арнайы жіберген қазақстандық мамандар.

Соңғы жылдары Қытайға бағытталған қазақстандық білім алу көші-қоны қарқынды дамуда. Мысалы, 2005-2014 жылдары Қытайда «Болашақ» академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша 190 студент білім алған (көптеген студенттер Ұлыбритания, АҚШ, Франция т.б. батыс елдерін таңдаған) (Садовская 2014: 98). Бұл басқа елдермен салыстырғанда аз көрсеткіш АҚШ және Ресейде білім алуға. Бірақ ҚХР мен Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінің университеттерінде білім алушылар саны жыл сайын өсіп келеді. 2017 жылы бұл көрсеткіш 14 мыңнан асып жығылды. Нәтижесінде, соңғы 10 жылдың ішінде Орталық Азия елдерінен, оның ішінде Қазақстаннан Қытайға барып білім алушы студенттер саны күрт өсті.

Қазіргі кезде Қытайда білім алушы қазақстандық жастар өзара ұйымдасып, бірлестік

құрып, жыл сайын өздерінің құрылтайын өткізіп келеді. Қытайдағы қазақстандық студенттердің құрылтайы алғаш рет 2012 жылдың мамыр айында Сиань қаласында ұйымдастырылды. Бірінші құрылтай қорытындысы бойынша Қытайдың Бейжін (Жас Кыран), Шанхай (Kazakh Connection), Ухань (Ухань қазақстандық студенттерінің қауымдастығы), Үрімші (KazUnion) және Сиань (Алтын Орда) қалаларынан келген студенттер ынтымақтастықты дамыту және барлық студенттік ұйымдарды Бірыңғай қауымдастыққа біріктіру үшін шаралар қабылдау туралы меморандумға қол қойды. 2013 жылғы 24-26 сәуірде Шанхай қаласында Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашақ» халықаралық стипендиясының 20 жылдығына арналған Қытайдағы қазақстандық студенттердің екінші құрылтайы ұйымдастырылған. 2014 жылы 30 мамырда Бейжін қаласында Қытайдағы Қазақстан студенттерінің III құрылтайы өтті. Оның қорытындысы бойынша «Жастарды жан-жақты дамыту мәселелеріндегі өзара әрекеттестік туралы меморандум» мен «Қытайдағы қазақстандық студенттердің қауымдастығының» Жарғысы қабылданды. Шара барысында «Білім берудегі инновациялар, сондай-ақ жастарды жан-жақты дамыту» тақырыбында конференция мен концерт ұйымдастырылды. 2015 жылдың 13-14 маусымында Хубэй провинциясында Халықаралық бағдарламалар орталығы, Қазақстанның ҚХР-дағы Елшілігі, сондай-ақ «Kazakhstan students association in China» (KSAC) студенттік ұйымының ұйымдастыруымен Қытайдағы қазақстандық студенттердің IV құрылтайы болып өтті. 2016 жылдың мамыр айында Қытайдағы қазақстандық студенттердің 5-ші құрылтайы Чунцин қаласында өткен. Бұл құрылтайға Бейжін, Шанхай, Ухань, Сиань, Үрімжі, Ланьчжоу, Нанкин, Тяньцзинь, Шэньян және Гуанчжоу қалаларында білім алып жатқан 100-ден астам студент қатысқан. Ал 2017 жылдың 1-3 маусым күндері Нанкин қаласында Қытайдағы қазақстандық студенттер қауымдастығының (KSAC) VI құрылтайы өтті. Шараға Қытайдың қазақстандық студенттер оқитын Шанхай, Сиань, Ухань, Үрімжі, Бейжін, Цзинань, Харбин, Далянь мен Тяньцзинь сияқты ірі 14 қаласынан 150-ден астам делегат қатысты. 2018 жылы 16-17 масым күндері Ханчжоу қаласында Қытайдағы қазақстандық студенттер қауымдастығының (KSAC) VII құрылтайы өтті. Оған Қытайдың 16 қаласында оқып жатқан 300-ден аса қазақстандық студенттердің делегат өкілдері қатысты. Құрылтай ауқымында «Қытайдағы

қазақстандық студенттер қауымдастығының жастар өміріндегі рөлі» атты конференция өтті.

Қытайдағы қазақстандық студенттер негізінен мынадай мамандықтар бойынша білім алуда: техникалық (мысалы, мұнай-газ саласындағы геологиялық барлау және мұнай-газ өндіру, металлургия және машина жасау, құрылыс және көлік-коммуникация, ақпараттық технологиялар және экология), гуманитарлық ғылымдар: халықаралық қатынастар, аймақтану, халықаралық сауда, аударма ісі. Қазақстаннан Қытайға бағытталған білім алу көші-қонының ерекшелігі оның полиэтникалық құрамы болып табылады: қытайлық колледждер мен университеттерде білім алушы студенттердің қатарында қазақтар, орыстар, украиндар, дүнгендер, қытайлар (Қазақстан азаматтары) және басқа да ұлт өкілдері көп кездеседі. Дегенмен, қазақ студенттерінің үлес салмағы басымы, өйткені қазақтар мемлекеттік білім беру бағдарламаларының қатысушылары арасында да, Қазақстан халқының жалпы этнодемографиялық құрылымы бойынша да саны басым (Fierman 2006: 101).

2018 жылы қаңтарда қазақстандық «Қоғамдық пікір» зерттеу институты мен Гумилев атындағы ЕҰУ жанындағы Конфуций институты (Астана) Қазақстаннан Қытайға бағытталған білім алу көші-қоны туралы біріккен баяндама ұсынды. Бірлескен ғылыми-зерттеу жұмысының тақырыбы «Қазақстан Республикасынан Қытай Халық Республикасына оқу миграциясы елдер арасындағы стратегиялық ынтымақтастықтың бір қыры ретінде» деп аталады. Бұл зерттеудің авторлары Қытайдың 14 қаласында оқып жатқан 400 аса қазақстандық студенттерге сауалнама жүргізген. Бұл 400 қазақстандық студенттердің 97,1% қазақ ұлтының өкілдері, 51,2% ер балалар, 48,8% қыз балалар. Орташа жасы 20 жаста. Қытайда білім алу ұнайды, бірақ қиын деп жауап бергендер – 94,7%. Қытайлық жоғары білім беру жүйесінде оқу өте қиын деп санайтындар респонденттердің 97,3% көрсеткен.

Сондай-ақ, сауалнамада студенттерге «Не себепті Қытайда білім алуды таңдадыңыз?» деген сұрақ қойылған. Берілген жауаптардың ішінде бірінші орында – респонденттердің 49,6% «Қытайда шетелдік студенттерге жақсы қамқорлық жасалады» деген жауап болған (визалық қолдау жасау, жақсы жатақхана, сабақтан тыс уақыттағы көмек т.б.). Екінші орында тұрған жауап – 45% «Қытайда білім алудың ақысы қолжетімді әрі өмір сүру де арзан», үшінші орында – білім беру сапасы жоғары

– 41,8%, абырой мәртебесі жоғары білім (престиж) – 39,1%, грант ұтып алу – 29,5%, мәдени фактор (26,5%) және соңғысы – достар мен таныстардың ақыл-кеңесі бойынша – 25,6%. Әсіресе, таныстары мен достарының ақыл-кеңесі Қытайда білім алуды таңдауда шешуші ықпал еткен: респонденттердің 76,8% Қытайда бұрыннан тұрып жатқан, жұмыс істеп немесе білім алып жатқан таныстары немесе достары болған. Сұралғандардың 12,5% қытайлық білім алу туралы ақпараттарды Интернет желісі арқылы тапқан. Респонденттердің 5% Қытайда оқуға қатысты қажет ақпаратты қазақстандық БАҚ беттерінен тапқан.

Қазақстандық студенттер үшін ең мықты саналатын қытайлық жоғару оқу орындары: Сиань шет тілдер университеті, Пекин шет тілдер университеті, Тяньцзинь университеті екен. Гуманитарлық бағытта респонденттердің 36,9% «Қытай тілі мен мәдениеті» мамандығын, 32,6% экономика, менеджмент, қаржы сияқты мамандықтарды таңдаса, қазақстандық жастардың 10,7% заң саласын қалаған. Техника саласын жастарымыздың 19,8% таңдап, негізінен мұнай, өнеркәсіп, сәулет-құрылыс мамандықтарында оқып білім алуда екен. Респонденттердің 64,6% Қытайда өздерінің қаржы-қаражатымен білім алуда. Қытай гранттарына ие болғандардың үлесі 32,7%, ал Қазақстанның берген гранты бойынша білім алушылар 2,7% ғана екен. Қытай гранттарымен оқитын қазақстандық студенттер алатын шәкіртақылары кампустың ішінде бір ай тұру мен тамақтануға толық жететінін айтқан.

Қытайда білім алушы қазақстандық студенттердің 65,8%-ы жақсы оқыса, үздік оқушылар – 21,2%. Жалпы қытай тілін жақсы меңгеріп алған респонденттер 80,6% құраған. Біздің жастарымыз негізінен шетелдіктер оқитын бөлімдерде білім алуда, шетелдіктерге қойылатын талаптар таза қытайлық бөлімдерде оқитын студенттерге қарағанда төменірек екен. Қытайда оқитын қазақстандық жастардың басымы бөлігі – 82,4% оқуларын бітірген соң отанымызға оралып, туған жерде еңбек етеміз дейді. Оқу бітірген соң Қытайда қаламыз деушілер – 11,1%, Қытайда қалуымыз мүмкін деушілер – 10,3%. Сұралғандардың 5,2% болашақта Қытайда тұрып өмір сүруді қаласа, 91,7% міндетті түрде Қазақстанға оралып, өз елімде өмір сүрем деп жауап берген. Осылайша жүргізілген зерттеудің нәтижелері Қытайда білім алып жүрген қазақстандықтардың арасында патриотизмнің деңгейі жоғары екенін

көрсеткен (Тохниязова 2018: 1). ҚХР-да білім алуға ниет білдірген және қытай тілін үйренуге ынталы жастардың өсуі – бұл жаһандық үрдіс, оған игі ықпал етіп отырған факторлар қытай бизнесінің әлемдегі барлық аймақтарға транс-континенталды таралуы, мұндай жағдайда тиімді ынтымақтастықты орнату үшін қытай тілін білу қажет (Montgomery, McDowell 2009: 456). Қытай тілін меңгеру, сондай-ақ, қазақстандық мамандардың жергілікті және халықаралық еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін арттырады, кейбір қытай жоғары оқу орындарында білім алушы үздік қазақстандық студенттерге диплом алмай жатып-ақ жоғары жалақылы жұмыс ұсынылады.

Қытайда жоғары оқу орындарының екі типі бар: біріншісі – политехникалық: бұл бағыттағы оқу орындарында тау-кен, металлургия, түрлі техника, геология, мұнай ісі және химиялық технология сияқты көптеген техникалық және жаратылыстану факультеттері бар. Жалпы бейіндегі университеттерде факультеттер екі бағыттан тұрады: гуманитарлық және жаратылыстану-ғылыми. Білім беру органдары басшылық ететін қабылдау комиссиялары жалпыұлттық және жергілікті деңгейде құрылып жұмыс істейді. Факультеттер мен институттарға неғұрлым қабілетті талапкерлер емтихан нәтижелері бойынша және олардың жеке тілектері мен денсаулық жағдайы ескеріле отырып іріктеледі.

Қытайдағы мектептердің ерекшелігі – анықтамалық материалдарды механикалық жаттап алуға көп көңіл бөлінеді; Қытайда студенттер емтиханды жазбаша тапсырады, сондықтан олар жазбаша тестілеуді жақсы меңгерген. Және де қытайлық жазу иероглифтер арқылы жүзеге асатындықтан, қытайлық студенттер көркем жазуға машықтанған. Осындай ерекшеліктерге байланысты қытайлық студенттер ауызша емтихан тапсыруда қиналып жатады, ал шет тілінде ауызша емтихан тапсыру олар үшін екі есе қиын.

Соңғы кездері қазақстандық жастарды Қытайда білім алуға шақыратын және осы бағытта кешенді көмек-қолдау қызметін ұсынушы делдалдар көбейіп кетті. Ондай делдалдық ұйымдар жастардың барлық категориясына өздерінің қызметтерін ұсынуда: мектеп бітіруші абитуриенттерге Қытай университеттерінде жоғары білім алуды, сонымен қатар, университет бітірген бакалавр мамандарды Қытайда магистратурада оқуға, ал қазақстандық магистранттарды қытайлық докторантурада оқуға шақырады. Мысалы:

1. YourChina – интернет сайты: <http://yourchina.kz/>
2. Chinaland foundation – <http://chinaland.kz/>
3. Гранты в Китай для казахстанцев – <http://zarubezh.kz/granty/kitaj.html>
4. <http://shopomania.kz/children/369-obuchenie-v-kitae-dlya-kazahstancev-posle-9-klassa-posle-11-klassa.html>
5. <http://mychina.kz/>
6. <https://chinastudy.kz/obuchenie-v-kitae-granti/>
7. <http://obr.kz/obrazovanie-v-kitae/obuchenie-v-kitae-dlya-kazahstancev/>
8. <https://study.chinese.kz/>
9. <https://pandaeducation.kz/>
10. <http://pandaedu.kz/>
11. <http://zarubezh.kz/granty/kitaj.html>
12. <http://www.educaz.kz/country/kitaj/6.html>
13. <http://1waytochina.kz/mobile/>
14. <http://chinaland.kz/>
15. <https://www.ef.kz/pg/study-abroad/china/>

Бұл аталған сайттарда жастарға Қытай туралы жалпы ақпарат беруден бастап, қытайлық білім беру жүйесінің ерекшеліктері, жоғары оқу орындары туралы мәліметтер, оқуға түсу үшін не істеу керек және қандай құжаттар қажет дегендей көкейкесті сұрақтардың барлығына тиянақты жауаптар берілген. Яғни, Қытайда білім алғысы келетін талапкер кешенді ақпарат ала алады.

Осы жерде ескеретін бір өзекті мәселе – Қытайда тегін білім алуға көмектесеміз дейтін алаяқ делдалдардың пайда бола бастауы халықты алаңдатып отыр. Сонымен қатар, бұл көші-қон үдерісі кейбір тәуекелдер мен қауіп-қатерлерді де туындатады. Біріншіден, Қазақстан тәуелсіздік алған алғашқы онжылдықта 1991-2000 аралығында белең алған эмиграция толқыны батыс елдеріне қарай ағылған «ақылдылардың шетелдерге жылыстап кетуін» (от англ. brain drain) туындатқан болатын (Sirkeci, Cohen, 2015: 338). Енді осындай үрдіс шығысқа қарай бет алып, еңбекке қабілетті, денсаулығы мықты, білімді азаматтарымыз Қытай асып, одан әрі Оңтүстік-Шығыс елдеріне қарай өтіп, еліміздің адами ресурсы мен капиталы, ұлттық қауіпсіздігіміз бен экономикамызға нұқсан келмей ме деген сұрақ туындайды. Бастапқыда уақытша сияқты көрінетін білім алу мақсатындағы көші-қон маятникті көші-қоннан тұрақты эмиграцияға ұласып кетпесіне кепіл жоқ. Қарқынды дамып келе жатқан Қытай өзінің университеттерінің есігін қазақстандық түлектерге ашып, академиялық ұтқырлық арқылы кәсіби маман

болумен қатар, халықаралық көші-қон мен қоныс аударуға да ықпал етуде.

Ал кейбір сарапшылардың пікірінше, «ақылдылардың шетелге жылыстап кетуі» («brain drain») орта және ұзақ мерзімді кезеңде донор елдің ұлттық экономикасы үшін ауыр зардаптар әкеліп, адами капиталдың сапасы төмендеуіне ықпал етері сөзсіз. Сондықтан «ақылдыларды елімізге тартуға» («brain gain») әсер ететін саяси механизмдерді жасап, оларды Қазақстанның мүддесіне сай қолдана білу маңызды (Садовская 2014: 108).

Сол сияқты, ҚР БҒМ «Болашақ» халықаралық бағдарламалар орталығының басшысы Ж. Мелдешовтің ойынша, білімді де білікті мамандардың шетел асып кетуі («утечка мозгов») деген мәселе студенттер қауымына онша қатысты емес. Оның бірінші себебі – 17 жаста студент атанған жастың әлі өмірлік ұстанымы да, кәсіби біліктілігі де қалыптаса қоймаған. Екіншіден, «ақылдылардың шетел асуы» туралы КСРО кезінде айтуға болатын еді. Мысалы, қандай да бір профессор шетелге ауып кетсе, оның кері қайтуына мүмкіндік жоқ болатын. Ал енді қазіргі заман басқа, студенттердің академиялық ұтқырлығы жоғары. Егер шетелдерде оқитын жастардың 1-2 % оқуларын бітірген соң сонда қалып қоятын болса, оның ешқандай да жамандығы жоқ. Халқымыз білімді болған сайын, еліміз де мықты болады. Қазіргі кезде «ақылдылардың шетел асуы» деп айту орынсыз, адами капиталды дамыту, білім мен тәжірибе алмасу деп айтқан дұрысырақ (Мелдешов 2018: 1).

Біздің ойымызша, егер білікті мамандар елден біржолата кетіп, басқа елге қоныс аударып, шетел азаматтығын алса ғана «ақылдылардың шетел асуы» деген сөз. Ал уақытша еңбек көші-қоны – терең білім мен кәсіби тәжірибе жинақтауға келеді. Сол сияқты, білім алу мақсатындағы көші-қон да көп жағдайда уақытша сипатта болады.

Қорытынды

Мұндай білім алу көші-қонының Қазақстан үшін қандай тиімді немесе жағымсыз салдары мен зардаптары болуы мүмкін? Білім беру көші-қоны отандық еңбек нарығы үшін білікті жұмыс күшінің қосымша қайнар көзі болуы мүмкін. Атап айтқанда, қазіргі кезде қызмет етіп жатқан қазақ-қытай бірлескен кәсіпорындарын және болашақта Қазақстан аумағында жүзеге асуы мүмкін ҚХР инфрақұрылымдық жобаларын

білікті мамандармен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Қытайда кәсіби білім алу Қазақстандағы жұмыс күшінің сапасын жақсартумен қатар, жастарды білім алуға жіберуші және қабылдаушы елдер үшін де жалпы адами әлеуетті дамытудың мәдени-гуманитарлық факторы бола алады. Яғни, студенттердің көші-қоны ҚР мен ҚХР арасындағы екіжақты білім беру мен ғылым, мәдени-әлеуметтік, сауда-экономикалық, гуманитарлық байланыстарды дамыту факторы болып табылады. Демек, көрші жатқан екі ел арасындағы халықаралық ынтымақтастықты жан-жақты нығайтудың маңызды бір бағыты. Бұл процесті Қытайдың Қазақстандағы және Орталық Азия аймағындағы ықпалын күшейту мүмкіндігі ретінде де пайымдауымызға болады.

ҚР Білім және ғылым министрлігі мамандарының айтуынша, білімді мамандардың шетелге жылыстауы сияқты құбылыспен күресуге талпыныстар жасалуда. Жыл сайын білікті мамандардың көші-қоны өсіп келеді және қазіргі кезде бұл үрдіс көптеген мемлекеттердің болашағына елеулі қатер төндіретін фактор ретінде қабылданады. Екінші жағынан, білімді кәсіпқойлардың қоныс аударуын жақтайтындар «ақылдылардың шетел асуы» терминінің орнына неғұрлым бейтарап атауларды: мысалы, «ақылдылармен алмасу» (Brain Exchange) немесе «ақылдылар ұтқырлығы» (Brain Mobility) деген атауларды пайдаланған жөн дейді. Өйткені бұл процестің кемшіліктерімен бірге артықшылықтары да бар дейді.

Қазақстанда «ақылдылардың шетел асуын» болдырмау үшін түрлі іс-шаралар қолға алынуда, соның ішінде: 1. Еліміздің ұлттық мүдделеріне жауап беретін ғылыми зерттеулерді басымырақ қаржыландыру мен ғылыми мектептерге қолдау көрсетуге бағытталған саясатты жүзеге асыру; 2. Қазақстандық еңбек нарығын білікті мамандар мен ғалымдар арқылы жаңа жұмыс орындарымен толтыру арқылы жетілдіру; 3. Мамандарды даярлауды ұлттық экономиканың қажеттіліктеріне сәйкес келтіру.

Студенттік мигранттар үшін күрес жолында Қытай университеттері техникалық және әкімшілік базаларын жабдықтау үшін, зерттеулер жүргізіп, шетелден мамандар шақыру үшін үкіметтен қомақты қаражат алады. Шетелдік студенттерге арналған стипендиялар көптеп бөлінеді, әсіресе, қытай тілі мұғалімдерін даярлау бағдарламаларына. Құрлықтық Қытайдан бөлек, Гонконг университеттерін де атап өтуге болады. Ол жерде Британияның отарлауынан мұра ретінде қалған ағылшын тілі кеңінен та-

нымал. Көптеген курстар ағылшын тілінде оқытылады. Бұл да өз кезегінде шетелдік студенттер үшін тартымды болмақ. Гонконгтегі тоғыз университеттің бесеуі әлемдегі ең үздік 200 университеттің тізіміне кіреді (QS рейтингі). Ең қызығы, Қытайда білім алу жылына 2000 доллардан аспайды. Бірақ, шындап келгенде, Қытайда қытай тілін білмеген студент білім ала алмайды. Кейбір беделді университеттерге түсу үшін қосымша емтихандар тапсыру қажет. Ал тіл үйрететін курстарға түсу оңай – 18 жасқа толған азамат, толық орта білім мектебін бітірген болса болды, басқа қосымша талаптар қойылмайды.

Енді қазақстандық жастар неге Ресейде немесе Қытайда білім алуға ұмтылады деген мәселеге тоқталсақ. Мұнда бірнеше фактілер рөл ойнайды: Біріншіден, әрине, экономикалық фактор алдыңғы орынға шығады. Ресей мен Қытай жыл сайын мүлдем тегін оқуға үлкен көлемде гранттар бөледі. Сонымен қатар, бұл екі елде өмір сүру алыс шетелдермен салыстырғанда арзандау. Екінші фактор – Қытай мен Ресейдің жоғары оқу орнына түсудің батыстыққа қарағандағы салыстырмалы жеңілдігі: оларда қазақстандық Ұлттық бірыңғай тестілеу (ҰБТ), сол сияқты халықаралық тілдік тест те талап етілмейді. Үшінші фактор – ата-аналар жастардың таңдауына айтарлықтай әсер етеді. Ата-аналар үшін өз балаларын Қазақстанға географиялық орналасуы жақын шет елдерге жіберу психологиялық жағынан да, материалдық жағынан да әлдеқайда оңай.

Қытайда білім алушы қазақстандық жастардың санының жыл өткен сайын өсе түсуіне көптеген факторлар ықпал етуде. Мысалы, ҚХР Алматы қаласындағы Бас консулы Чжан Вэй қазақстандық студенттердің Қытайда білім алуына қызығушылық туғызатын себептердің ең біріншісі – қытай тілін білетін мамандар келешекте сұранысқа ие болады деген нық сенім. Ол қазіргі кезде шетелдік адамдар Қытаймен тығыз

қарым-қатынас жасау үшін қытай тілін білу маңызды екенін түсініп, Қытайда білім алуға ұмтылуда деп санайды. Өз кезегінде Қытай болса шетелдіктерге қытай тілін үйренуді бастап қол жетімді етуге тырысуда. Бас консул қазақстандық студенттердің Аспан асты еліне білім алуына қызығушылық туғызып отырған екінші себеп – білім гранттарының көптігі деп көрсетеді. Қытай жыл сайын біздің елімізге жүзден астам білім алуға арналған гранттар бөліп отыр. Бірақ, Қытайда білім алушы жастар негізінен өздерінің қаржы-қаражатына ақылы түрде білім алуда екен. Сол сияқты, көптеген Қытай жастары да Қазақстанда білім алуға қызығушылық танытуда. Елшінің айтуынша, олардың 90% оқуларын тәмамдаған соң Қытайға оралса, қалған 10 % Қазақстанда қалып бизнес жасап, жұмыс істеп, тәжірибе жинауда екен (Чжан Вэй 2018: 1).

Соңғы кездері Қытайда оқуға көмектесуші делдалдық ұйымдар Қазақстанда көбейіп кетті. 2018 жылы алпыстан астам жас абитуриент алаяқ делдал ұйымға алданып қалды. Бұл саланы екі елдің тиісті мемлекеттік органдары бірлесіп бақылауға алуы және реттеуі уақыт талабына айналып отыр. Екі ел билігі осыны ескеруі керек.

Қытай да қазақстандық мектеп бітірушілердің беттерін қағып отырған жоқ. Мұның дәлелі – Аспан асты елінде білім алуға баратын жастардың көптігі. Қытай мемлекеті қазіргі таңда шетелдік студенттер үшін бөлінетін білім гранттарына баса мән беруде. Сондықтан бұл елдің білім грантына қол жеткізу жеңілдеу. Оның үстіне, Қытайдың жоғары оқу орындарына құжат тапсырудың да ешқандай қиындығы жоқ. Яғни, талапкерлер ғаламтор арқылы құжаттарын қажетті оқу орнына жіберіп, Қытайдағы білім ордаларының жауабын күтсе болғаны. Әсіресе, оқу үлгерімі жоғары талапкердің Қытайдағы жоғары оқу орындарына қабылдану мүмкіндігі жоғары.

Әдебиеттер

- Bernard P. Wong. Globalization and location of the Chinese diaspora in the world // Routledge Handbook of the Chinese Diaspora / Tan Chee-Beng ed. L., N.Y. 2013. P. 302.
- Болашақ 2018. Бесплатное обучение в Китае для казахстанцев // <http://bolashakedu.kz/strani/besplatnoe-obuchenie-v-kitae-dlya-kazaxstancsev.html>
- Будаев А.В. Светлые и темные стороны «мягкой силы» Китая // Государственное управление. Электронный вестник. Выпуск. – 2016. – № 54. Февраль. – С. 109.
- Ермекебаев Н. Китай занимает второе место по числу обучающихся казахстанцев // <https://365info.kz/2014/10/kitaj-zani-maet-vtoroe-mesto-po-chislu-obuchayushhixsya-kazaxstancsev/>
- Fierman W. Language and education in post-Soviet Kazakhstan: Kazakh-medium instruction in urban schools // The Russian Review. 2006. – Vol. 65. – P. 98-116.

Китай принимает больше всего иностранных студентов // <https://dknews.kz/silk-road/68581-kitaj-prinimaet-bolshe-vsego-inostrannykh-studentov.html>

Кочанова С., Ракишева Б., Мажитова А., Ашкенова Г. Некоторые аспекты учебной миграции из Республики Казахстан в Китайскую Народную Республику // Казахстан-Спектр. – 2016. – № 1(75). – С. 63-83.

Ларин А.Г. Китай в мировой и региональной политике. История и современность. Вып. XVIII: ежегодное издание / сост., отв. ред. Е.И. Софронова. – М.: ИДВ РАН. 2013. с. 193-222

Linda Y.C. Lim. Southeast Asian Chinese business and regional economic development // Routledge Handbook of the Chinese Diaspora / Tan Chee-Beng ed. L., N.Y. 2013. P. 256–260

Massey Douglas S., Joaquin Arango, Graeme Hugo, Ali Kouaouci, Adela Pellegrino and J. Edward. Taylor Worlds in Motion. Understanding International Migration at the end of the Millennium. –Oxford: University Press; Oxford, -N.Y., 1998. -P. 17.

Мелдешов Ж. Президент Центра международных программ – о зарубежном образовании // https://forbes.kz/process/education/janbolat_meldeshov_zarubejnyie_vuzyi_stoyat_v_ocheredi_za_kazahstanskimi_studentami/

Михневич С.В. Панда на службе Дракона: основные направления и механизмы политики «мягкой силы» Китая // Вестник международных организаций. -2014. -Т.9. -№ 2. –С. 98.

Montgomery C., McDowell L. Social Networks and the International Student Experience: An International Community of Practice? // Journal of Studies in International Education. -2009. – Vol. 13. No.4. – P. 455-466

Nye J. Soft Power: The Means to Success in World Politics. New York: Public Affairs Group, 2004. -390 p.

Perlez J., Feng B. (2013) China, Kazakhstan Ink Partnership Deal // RIA-Novosti. 23 August. Режим доступа: <http://en.ria.ru/world/20130907/183245550.html>

Садовская Е.Ю. Современная образовательная миграция из Казахстана в Китай // Проблемы Дальнего Востока. – 2014. – № 1. – С. 97-108.

Садовская Е.Ю. Образовательная миграция из Казахстана в Китай: опережающая динамика на фоне других видов миграций // Казахстан-Спектр. – 2014. – №1. – С. 108.

Софронова Е.И. Китай в мировой и региональной политике. История и современность. – М.: ИДВ РАН, 2018. – 392 с.

Сыроежкин К.Л. Нужно ли Казахстану бояться Китая: мифы и фобии двусторонних отношений. – Астана-Алматы: ИМЭП при фонде Первого Президента РК – Лидера нации, 2014. – 431 с.

Sirkeci, Ibrahim; Cohen, Jeffrey. Measuring impact and the most influential works in Migration Studies. Migration Letters, -September -2015. -Volume: 12, -N 3. Pp. 336-345.

Тохниязова А. Учеба в Китае: чего хотят и что получают наши студенты // <http://www.zakon.kz/4846930-ucheba-v-kitae-chego-khotjat-i-cto.html>

Чжан Вэй. Почему казахстанские студенты едут на учебу в Китай? Рассказывает консул КНР в Алматы // https://bnews.kz/ru/news/pochemu_kazahstanskije_studenti_edut_na_uchebu_v_kitai_rasskazal_konsul_knr_v_almati

Чжоу Лян. В 126 странах и регионах мира созданы 475 институтов Конфуция, ИА Синьхуа 07.12.2014. Ист.: <http://www.ifes-ras.ru/center-doc-news/1301-news-141208>

Чжоу Ли. В 2011 году в Казахстане открылись еще два института Конфуция // <http://vesti.kz/foundation/87663/>

Шустов А. Мягкая сила дракона: как Китай пытается завоевать влияние в Центральной Азии // <https://camonitor.kz/30320-myagkaya-sila-drakona-kak-kitaj-pytaetsya-zavoevat-vliyanie-v-centralnoy-azii.html>

References

Bernard P. Wong. Globalization and location of the Chinese diaspora in the world // Routledge Handbook of the Chinese Diaspora / Tan Chee-Beng ed. L., N.Y. 2013. P. 302.

Bolashaq 2018. Besplatnoe obuchenie v kitae dlja kazakhstancev // <http://bolashakedu.kz/strani/besplatnoe-obuchenie-v-kitae-dlya-kazaxstancev.html>

Budaev A.V. Svetlyie i temnye storony «mjagkoi silyi» Kitaja // Gosudarstvennoe upravlenie. Elektronnyi vestnik Vyypusk -2016. -№ 54. Fevral. –S. 109

Ermekbaev N. Kitaj zanimaet vtoroe mesto po chislu obuchaeshihhsja kazakhstancev // <https://365info.kz/2014/10/kitaj-zanimaet-vtoroe-mesto-po-chislu-obuchayushhixsya-kazaxstancev/>

Fierman W. Language and education in post-Soviet Kazakhstan: Kazakh-medium instruction in urban schools // The Russian Review. 2006. -Vol. 65.-P. 98-116

Kitaj prinimaet bolshe vsego inostrannykh studentov // <https://dknews.kz/silk-road/68581-kitaj-prinimaet-bolshe-vsego-inostrannykh-studentov.html>

Koshanova S., Rakisheva B., Mazhitova A., Ashkenova G. Nekotoryie aspektiyi uchebnoi migracii iz Respubliki Kazakhstan v Kitaiskuue Narodnuue Respubliku // Kazakhstan-Spektr. -2016. -№ 1(75) -S. 63-83.

Larin A.G. Kitaj v mirovoi i regionalnoi politike. Istorija i sovremennost. Viyp. XVIII: ezhegodnoe izdanie / sost., отв. red. E.I. Sofronova. M.: IDV RAN. 2013. s. 193-222

Linda Y.C. Lim. Southeast Asian Chinese business and regional economic development // Routledge Handbook of the Chinese Diaspora / Tan Chee-Beng ed. L., N.Y. 2013. P. 256–260

Massey Douglas S., Joaquin Arango, Graeme Hugo, Ali Kouaouci, Adela Pellegrino and J. Edward. Taylor Worlds in Motion. Understanding International Migration at the end of the Millennium. –Oxford: University Press; Oxford, -N.Y., 1998. -R. 17.

Meldeshov ZH. Prezident Centra mezhdunarodnykh programm – o zarubezhnom obrazovanii // https://forbes.kz/process/education/janbolat_meldeshov_zarubejnyie_vuzyi_stoyat_v_ocheredi_za_kazahstanskimi_studentami/

- Mikhnevich S.V. Panda na sluzhbe Drakona: osnovniye napravleniya i mekhanizmiy politiki «mjagkoi siliy» Kitaja // Vestnik mezhdunarodnykh organizacii. -2014. -T.9. -№ 2. –S. 98.
- Montgomery C., McDowell L. Social Networks and the International Student Experience: An International Community of Practice? // Journal of Studies in International Education. -2009. -Vol. 13. -No.4. -P. 455-466
- Nye J. Soft Power: The Means to Success in World Politics. New York: Public Affairs Group, 2004. -390 r.
- Perlez J., Feng B. (2013) China, Kazakhstan Ink Partnership Deal // RIA-Novosti. 23 August. Rezhim dostupa: <http://en.ria.ru/world/20130907/183245550.html>
- Sadovskaja E.U.E. Sovremennaja obrazovatel'naja migracija iz Kazakhstana v Kitai // Problemiy Dalnego Vostoka. – 2014. – № 1. – S. 97-108.
- Sadovskaja E.U.E. Obrazovatel'naja migracija iz Kazakhstana v Kitai: oprezhaueshaja dinamika na fone drugikh vidov migracii // Kazakhstan-Spektr. -2014. -№1. –S. 108.
- Safronova E.I. Kitai v mirovoi i regionalnoi politike. Istorija i sovremennost. – M.: IDV RAN, 2018. – 392 s.
- Syroezhkin K.L. Nuzhno li Kazakhstanu bojatsja Kitaja: mify i fobii dvustoronnikh otnoshenii. –Astana-Almatij: IMEP pri fonde Pervogo Prezidenta RK – Lidera nacii, 2014. -431 s.
- Sirkeci, Ibrahim; Cohen, Jeffrey. Measuring impact and the most influential works in Migration Studies. Migration Letters, -September -2015. -Volume: 12, -N 3. Pp. 336-345.
- Tokhnijazova A. Ucheba v Kitae: chego khotjat i chto poluchauet nashi studentiy // [http://www.zakon.kz/4846930-uceba-v-kitae-chego-khotjat-i-cto.html](http://www.zakon.kz/4846930-uceba-v-kitae-cheho-khotjat-i-cto.html)
- Chzhan Vei. Pochemu kazakhstanskije studentiy edut na uchebu v Kitai? Rasskaziyvaet konsul KNR v Almatij // https://bnews.kz/ru/news/pochemu_kazahstanskije_studentsi_edut_na_ucebu_v_kitai_rasskazal_konsul_knr_v_almati
- Chzhou Ljan. V 126 stranakh i regionakh mira sozdaniy 475 institutov Konfucija, IA Sinkhua 07.12.2014. Ist.: <http://www.ifes-ras.ru/center-doc-news/1301-news-141208>
- Chzhou Li. V 2011 godu v Kazakhstane otkriylis eshe dva instituta Konfucija // <http://vesti.kz/foundation/87663/>
- Shustov A. Mjagkaja sila drakona: kak Kitai pytaetsja zavoevat vlijanie v Centralnoi Azii // <https://camonitor.kz/30320-myagkaya-sila-drakona-kak-kitay-pytaetsya-zavoevat-vlijanie-v-centralnoy-azii.html>